



## 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

2023 жылдың 22 қыркүйегінен бастап Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №143 шешімі негізінде «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіне елеулі өзгерістер күшіне енеді. Бұл өзгерістер сүт өнімдерінің жоғары са-

менінің мөлшерінің шегі ұлғайтылды. Балалар тағамын өндірушілердің пікірінше, осы өзгерістер балалар тағамын өндіруді тұрақтандыруға және тұтынушыларды жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа түзетулер айран, сүзбе, таң және құрт сияқты

«сүт майын алмастыратын балмұздақ» термині бекітілген.

Сонымен қатар бұл өнімді байытуға мүмкіндік беретін қалпына келтірілген сүттің анықтамасы енгізіледі. «Концентрацияланған, қоюландырылған сүтті қайта өңдеу өнімі» санатын енгізу сарысуды қолдануды кеңейтуге

### Өнегелі еліміз өркендей берсін

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Баршаңызды 30 тамыз –Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақстан Республикасының Конституциясы күні —біздің еліміз үшін тарихи мәні зор маңызды мерекелердің бірі. Осыдан 28 жыл бұрын ең жоғары заңдық күші бар құжат – Ата Заңымыз қабылданып, онда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені – осының айғағы. Осы уақытта әр қазақстандық Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Әрбір азаматтың өзінің құқықтарын сақтауына берік негіз болды. Ата заңымызға деген ерекше құрмет біздің сеніміміз бен күшіміздің қайнар көзіне айналды.

**Қадірлі жерлестер!**

Ынтымағы жарасқан еліміздің бағын асырып, мерейін тасытатын үлкен істе баршаларыңызға сәттілік серік болсын! Әрқайсыларыңыздың отбасыларыңызға ынтымақ пен ырыс, құт-береке тілейміз! Әрдайым аспанымыз ашық, келешегіміз кемел, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! Ата заңды ардақ тұтқан өнегелі еліміз өркендей берсін!

Ізгі ниетпен,  
Созақ ауданының әкімі:

Мұхит Тұрысбеков.

Созақ аудандық  
мәслихат төрағасы:

Жәмиев Ордабек.

### Таңбалауға талап күшейеді

пасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірушілерге өз өнімдерін таңбалау кезінде шығармашылық еркіндік беруге бағытталған.

2013 жылдан бастап техникалық регламент алғаш рет қолданысқа енгізілген кезде оны қолдану практикасы сүт өнімдерін өндірушілерге де, тұтынушыларға да қатысты бірқатар маңызды мәселе бойынша нақтылау қажеттілігін анықтады.

«Негізгі өзгерістердің бірі – сүт өнімдерінің орауышында өсімдік майларының болуы туралы ақпаратты міндетті түрде орналастыру. Бұл талғампаз тұтынушыларға өнімді сатып алу туралы саналы шешім қабылдауға мүмкіндік береді», дейді Қазақстан стандарттау және метрология институтының сарапшылары.

Сондай-ақ балалар тағамы өнімдерін сәйкестендірудің физика-химиялық көрсеткіштері өзгерді. Күл мөлшерін нормалау алып тасталды және Д дәру-



әлттік сүт өнімдерін нарықта қолжетімді ете отырып, ескеретінін атап өту маңызды.

Регламентте құрамында 6%-ға дейін сүт майы бар «құрамында сүт бар балмұздақ» термині пайда болады, бұл тұтынушылар үшін көбірек таңдау мен ақпарат береді. Бұрын құжатта тек ММҰ 12%-бен

және өнімді стандарттауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өндірушілерге өз өнімдері үшін ойлап тапқан атауларды көрсетуге және біріктірілген атауларды пайдалануға мүмкіндік беретін шығармашылық еркіндік те ұсынылмақ.

«Созақ үні» - ақпарат.

### Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев түркістандық жастармен кездесті

Парламент Мәжілісінің депутаты Қайрат Балабиев Түркістан қаласындағы «Жеңіс» саябағында жастармен кездесу өткізді.

Кездесуде депутат Парламент қабырғасында қабылданып жатқан заң жобаларының мән-маңызына тоқталып, жастарды ел игілігі жолында адал қызмет етуге шақырды.

«Жастар жастық шақта білім алып, тіл үйреніп, жан-жақты жұмыс істеп үйренсе, жалқаулыққа жол бермейді. Мамандық таңдауда жаңылмау керек. Қиындықтарды сабырмен және табандылықпен жеңуге тырысқан жөн», деді Қ.Балабиев.

Депутаттың айтуынша, бүгінде жастардың зор жетістіктерге жетуі үшін мүмкіндік мол. Әсіресе, мем-



лекет тарапынан жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалар мен жобалар жетерлік. Қайрат Балабиев солардың бір сыпырасын түсіндіріп берді.

«Өңірлерде білімді, білікті, өжет жастарымыз көп. Олар облыстарда, аудандарда қалып қойып жатады. Біз

сондай жастарды тартып, мемлекет деңгейінде қызмет атқаруға жол ашуымыз керек. Бұған «AMANAT» партиясы да атсалысып келеді. Жастарды қолдау – біздің басым бағытымыз», деді Мәжіліс депутаты.

«Созақ үні»-ақпарат.

### Биыл жастарға жеңілдікпен 29 млрд теңге шағын несие беріледі



Жастарға жеңілдікпен шағын несие беру бағдарламасы бойынша 5,3 мыңнан астам өтінім түсіп, 3344 жоба мақұлданды.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жастарға жеңілдікпен шағын несие беру тетігі іске қосылған. 10 тамыздағы жағдай бойынша 5,3 мыңнан астам өтінім түсіп, 3 344 жоба мақұлданды. 2 577 жобаны іске асыруға 11,4 млрд теңге несие берілді. Қалған жобалар

қаржыландырылу үстінде.

В е д о м с т в о н ы ң мәліметінше, несие алушылардың басым көпшілігі мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы жобаларды іске асырушылар.

Айта кетейік, несие 21-35 жас аралығындағы азаматтарға өз кәсібін ашу немесе оны кеңейту үшін беріледі. Жалпы 2023 жылы 29 млрд теңге сомасына 5 796 шағын несие беру жоспарланып отыр.



«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының кезекті XLIX (49) есеп беру — сайлау конференциясы болып өтті. Конференцияға ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Е. С. Бейсенбаев арнайы келіп қатысып отырды. Айтулы

облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысының м. у. а Қ. Жағыппаров баяндама жасады. Конференция барысында, Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы, депутат Н. Абишов, «Ескі Ихан» БПҰ төрағасы, партия ардагері З. Чалданов, Түркістан облыстық «Жастар рухы» жас-

кеңесінің жаңа құрамы сайланды. Сондай-ақ партия филиалының бақылау тексеру комиссияның жаңа құрамы сайланды. Партияның жаңа саяси кеңес бюро құрамы сайланды. Конференция жұмысы бойынша тиісті қаулы қабылданды. Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы

## «AMANAT» партиясының кезекті конференциясы өтті

игілікті шараға Созақ ауданынан 15 делегат арнайы келіп қатысты.

Конференция жұмысын облыстық партия филиалының төрағасы А. Үмбеталиев жүргізді. Партияның облыстық филиалы Саяси кеңесінің 2021—2022 жылдарда атқарылған жұмыстары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы партия филиалының төрағасы Алтынсары мырза баяндама жасады. Конференцияның өту барысында бақылау — тексеру комиссиясының 2021—2022 жылдарда атқарылған міндеттері және алдағы кезеңге арналған міндеттері бойынша облыстық бақылау тексеру комиссиясының мүшесі А. Әйтекеева, партияның облыстық сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша жол картасының орындалу барысы туралы



тар қанатының төрағасы Ж. Жұман сөз сөйлеп, делегаттарды бірлікке, белсенділікке шақырып, конференция жұмысына сәттілік тіледі. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының Саяси

фракциясының жетекшісі Е. Бейсенбаев қорытынды сөз сөйлеп, партия жұмысының негізгі бағыттарына тоқталып өтті.

**Нұржамал МАЙУСОВА,**  
конференция делегаты.

## Аудан басшысы Абай елді мекенінде болды



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Абай елді мекеніне арнайы барып, онда мүгедектігі бар, аз қамтылған отбасыға салынып жатқан 5 бөлмелі баспананың жұмыс барысымен танысты.

Маусым айында аудан басшысының бастамасымен баспананың ірге тасы қаланып, ауыл тұрғындары және бірқатар кәсіпкер азаматтардың қолдауы арқалы құрылыс жұмыстары жалғасын табуда. Қазіргі таңда баспана толықтай тұрғызылып, ішкі жұмыстары жүруде.

Осы ретте, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы үй салынып біткенше толықтай атсалысатынын айтып өтті. Жаңа үйдің сыртқы қабырғаларына жылу оқшаулағыш құрылыс материалдарымен қамтылған. Су, жылу сынды коммуналдық

қызметтері үшін жеке бөлмелер қарастырылған.

Аудан басшысы сапар барысында Абай ауылының тұрғындары тарапынан «Сарымсақ» өзенінің арнасын ауылға бұру жөніндегі өтініштерін де назардан тыс қалдырмады. Бұл жөнінде тау бөктеріндегі өзеннің бастау алар тұсына барып, оған қажетті техникалар мен мәселенің шешу жолдарын жан-жақты қарастырды.

Айта кетейік, бұған дейін Абай ауылынан аудан оталығына бірнеше азамат келіп, «Сарымсақ» өзенінің арнасын ауылға бұру арқылы үй іргелік аулаларға қажетті судың деңгейі артамынын айтып, осы мәселенің шешу жолдарын қарастырып беруін жеткізген болатын.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## Ас ішсең, адалынан іш!

О қ ы р м а н д а р ы м ы з д ың есінде болса аудандық «Созақ үні» газетінің 2023, 19 тамыз күнгі № 60 санында Созақ аудандық СЭББ басшысы Х. Оспанов «Әр үйге қауіпсіз тағам» акциясы деген тақырыппен хабарлама жариялаған болатын. Хабарламаның мазмұны мынадай еді: «Созақ ауданында жаз мезгілінде ерте піскен жеміс-жидектер, бақша өнімдері мен көкөніс өнімдерінің құрамынан нитрат деңгейін анықтау мақсатында акция өткізіледі. Акция Созақ аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы және ҚР ДСМ СЭБҚ «ҰСО» ШЖҚ РМК ТОО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі, ТОО Кәсіпкерлік палатасы Созақ аудандық филиалымен бірлескен түрде жүргізіледі. Аталмыш акция ағымдағы жылдың тамыз айының 22-25 С. Қожанов көшесінің бойындағы жайылма сауда қатарында, 23 күні Таукент кентінде, 24 күні Созақ ауылында ұйымдастырылмақ. Аудан тұрғындары және әр тұтынушы сатып алған өнімдерін ақысыз тексеруден өткізіп, қауіпсіз тағамға қол жеткізсеңіз болады!».

Сондай-ақ, бұдан алдын Хасен Оспанов газетіміздің 2023 жыл, 9 тамыз күнгі № 57 санында: «Нитраты көп көкөністерден сақтаныңыз!» деген тақырыппен де мақала жариялаған болатын.

Мінеки, осы хабарламаның нәтижесінде кеше, тамыз айының 22 күні С. Қожанов пен Қ. Рүстемов атындағы көшелердің қиылысындағы орталық «Бекұлы» жайма базарының қарсысында аталмыш акцияның алғашқы күні өтті. Акцияны аудандық СЭББ-ның мамандары ұйымдастырып, қоғамдық кеңестің мүшесі Талғат Жұмақов пен «Созақ



үні» газетінің тілшісі Данияр Бек бақылаушы ретінде қатысты. Әрине, мұндай акцияларға бұрын-соңды үйренбеген ауыл тұрғындарының, ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұтынушыларының қатысуы сәл қиындау болды. Дегенмен, тұтынушылардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттыруда осындай акциялардың маңызы жоғары. Ендеше, жауапты мекеменің басшысы мен мамандары мұрындық болып, қоғам белсенділері бақылау жүргізуге пейілді мұндай акцияларға, мониторингтік жұмыстарға белсенді түрде қатысуға аудан жұртшылығын шақырамыз! Жоғарыдағы Хасен Оспановтың хабарламасында айтылғандай ендігі акция Таукент кенті мен Созақ ауылында және Шолаққорған ауылында жалғасын табады.

Сөз соңында. Осы ретте, қайсыбір оқырмандарымыз неге мақаланың тақырыбын:

«Ас ішсең, адалынан іш!» деп сұрауы мүмкін. Менің бұлай етуімнің себебі, кез-келген тұтынытын дүниенің негізі адал болғанымен, оны шамадан тыс қолданғандықтан жаратылыстың асылы адамзаттың өміріне қауіп тигізсе, айықпас ауруға шалдығып, соңы өліміне ұластыратын болса, демек, ол зат адалдығын жояды. Мына, біз бір аптадан бері көтеріп жүрген нитратты шаруашылық өнімдеріне шамадан тыс берсе, адам өміріне қауіпті екенін басқа емес, аудандық СЭББ-ның басшысы мен қоғамдық кеңестің мүшелері: Талғат Жұмақов пен Біржан Саржановтар бекер көтеріп жүрген жоқ. Сонымен, мониторинг шараларынан соң, оқырмандарымызды акцияның нәтижесімен толықтай ақпараттандыратын боламыз! Жақсы күндерде жолыққанша күн жақсы болсын!

**Данияр Бек.**

## Баскетболшыларымыз күміс жүлдегер атанды



Тамыз айының 15-18 күндері аралығында Тараз қаласында баскетболдан ҚР-ның кубогы болып өтті. Жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен республиканың кубогына біздің ауданнан да құрама командасы барып қатысты. Ұлдар командасының құрамында: Өмірзақ Әбубәкір, Өмірзақ Омар, Амантай Нұртілеу, Оразәлі Нұрмұхамбеттер ойнады. Нәтижесінде, Созақ ұлдар құрама командасы

ҚР кубогының күміс жүлдегері атанды. Құрама команданың жаттықтырушысы Базаргелдиев Нұрлан есімді азамат. Ендеше, ауданымыздың намысын түрлі додаларда қорғап жүрген жас баскетболшыларымызға жеңістерің құтты болсын дей отырып, алдағы байрақты бәсекелерде де биіктерден көріне беріңдер! дейміз.

**Данияр Бек.**



Тәуелсіздік жылдары сот жүйесін дамытудың бірқатар негізгі нәтижелеріне соттардың тәуелсіздігі мен судьялардың мәртебесі айрықша бекітілуі, сот құрылымы мен сот ісін жүргізуде түбегейлі өзгерістер орын алды.

Тарихқа көз салсақ, 1991 жылы Президент сайлауынан кейін, 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» заңға қол қойылып, дәл осы күні жаңа

ақпараттық қызметтер көрсетіліп, Республиканың сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі және ашықтығын одан әрі арттыруға қажетті жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, 2020 жылы қабылданып, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізіле салысымен жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Әкімшілік әділет институты бойынша дауларды қарау кезінде азаматтардың

бұйрығы 61, қараусыз қалғаны 19, қысқартылғаны 47 болып отыр. Барлық медиациямен аяқталғандары 45 істі құрайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге келер болсақ, 2023 жылдың 6 айында 124 әкімшілік құқық бұзушылық іс түсіп, бүгінде барлығы қаралып біткен. Әкімшілік істер түспеген. Қылмыстық істер бойынша 2023 жылдың 6 айында 20 қылмыстық іс түскен, жыл басынан 3 іс қалдық болып өткен болса, аяқталғандар саны 20 құрайды.

лық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң қабылданып, 2014 жылғы 03 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің (әрі қарай ҚК) 6 – тарауы 188-1-баппен (Мал ұрлау) толықтырылды.

Ендігі жерде мал ұрлығына қатысты аудандық сотпен

едіңіз?

-Иә, бұндай келеңсіз жәйттардың қоғамда белең алып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Аудан бойынша жол көлік оқиғасына байланысты қылмыстарға тоқталар болсам, 2022 жылдың 6 айында ҚК-нің 345-бабы 1-бөлігімен 1 іс 1 адамға қатысты қаралып, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, көлік құралын басқару құқығынан 1 жылға айырылды. ҚК-нің 345-бабы 1-

## Сот жүйесінің міндеті – халық сенімін жоғалтпау

тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Осылайша, бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, бұған дейін Декларация түрінде ғана болған мемлекеттік тәуелсіздік енді Конституциялық негізге ие болып, еліміз ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілейтін және жүргізетін тәуелсіз демократиялық және құқықтық мемлекет деп жарияланды.

1993 жылғы Конституцияның арқасында елдің сот жүйесі биліктің дербес тармағы мәртебесін алды. 1994 жылдың ақпанында сот жүйесін реформалау жан-жақты баяндалған, құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, сот органдарының қызметі реттелді. Әсіресе, судьялардың кәсіби деңгейін көтеру, бұл органды ұйым тұрғысынан нығайту, іс қарауда соттардың ешкімге тәуелді болмауын қамтамасыз етудің жаңа жобасы жасалды. Судьялардың қызметтік міндеті түпкілікті бекітілді. Соттардың қызметін қамтамасыз ету функциялары Жоғарғы сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне берілді. Экономикалық, әкімшілік, әскери, ювеналды және қылмыстық істер бойынша мамандандырылған соттар өз жұмысын бастады. Жоғарғы Сот жанында Сот төрелігі академиясы мен Халықаралық кеңес құрылды. Республика соттарының сот мәжілісі залдары түгелдей аудио, бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, жаңа технология азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына мүмкіндік ашты. 2011 жылы дауларды шешудің балама әдісі ретінде «Медиация туралы» заң қабылданды.

Сонымен қатар, 2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процесстік Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі қабылданды. 2015 жылдың 31 қазанында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процесстік Кодексіне бүкіл жұртшылықтың алдында жариялы түрде қол қойып, аталған Кодекс 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді. 2014 жылы онлайн сервистерге және сот органдарының қызмет көрсетулеріне қолжетімділіктің жалғыз терезесі болып табылатын «Сот кабинеті» электрондық жобасы іске қосылды. Қазақстанның 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, сот өндірісінің барлық сатыларын жетілдіру, құқық қорғау әлеуетін жүзеге асыруға мол мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда, электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесі енгізіліп, сот ісін жүргізуде заманауи бағдарламалық өнімдер пайдаланылып, ақпараттық технологиялар арқылы Қазақстан халқына көптеген



мүддесінің басым болуына мән беріледі. 2022 жылғы қаңтардан бастап ҚР Азаматтық процесстік кодексіне енгізілген өзгерістер іс қарауда қолданылып, азаматтарды татуластырудың жаңа институты «сотқа дейінгі хаттама» пайда болды. Бұл өзгерістер елдегі көптеген маңызды мәселелерді оңтайлы шешіп, азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеуге, өз құқықтарын сауатты қорғауға мүмкіндік беруде. Елімізде сот жүйесін жаңғырту жұмыстарының белсенді жүргізілуі, сот өндірісін жеңілдетіп қана қоймай, сот төрелігіне ашықтық, жеделдік, қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей сот жүйесі бүгінде ел азаматтары үшін әлдеқайда қолжетімді және оңтайлы болғаны рас. Осы орайда ауданымыздағы сот жүйесінде атқарылып жатқан жұмыстар жайында өздеріңізбен бөлісуді жөн көрдік. Сол себепті, аудандық соттың төрағасы Ақылбек Сергейұлы Дәуренбековпен ағымдағы жылы атқарылған жұмыстардың 6 айлық қорытындысы жайында сұхбат жүргізген болатынбыз.

**-Ақылбек Сергейұлы, жыл басынан бері аудан бойынша атқарылып жатқан жұмыстарыңыз жайында айтып өтсеңіз?**

-Жалпы, Созақ аудандық сотының юрисдикциясы – жалпы юрисдикция болып табылады. Ол – дегеніміз азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды деген сөз. Ал енді жыл басынан бергі Созақ аудандық сотымен ағымдағы жылдың 6 айында қаралған істерге тоқталсақ. Азаматтық істер бойынша 2023 жылдың 6 айында 295 талап қою арыз түскен, жыл басынан 51 іс қалдық болып өткен, қайтарылғаны 30, өндіріске қабылданғаны 194 іс. Жалпы аяқталған істер саны 274, шешім шығарылғаны 145, сот

**-Ауданымызда бұрындары мал ұрлығы жайында жиі айтылып жататын еді, бүгінгі таңда осы ұрлық түрі қандай деңгейде?**

-Дұрыс айтасыз. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген мәтел, амандық саулық сұрасуда «мал-жан аман ба», дүниесін сұрағанда «мал-мүлік» деп басқа мүлктен ерекше айтылуы да малдың қазақ үшін маңызы зор екенін аңғартса керек. Мал көшпелі қазақ үшін тіршілік көзі болса, қазір де халқымыз үшін оның мән-маңызы жоғалған жоқ. Ауыл халқы, кәсіпкерлері үшін мал инвестиция, бизнес, табыс пен пайда көзі болып табылады. Мал меншік құқығының негізгі объектісі болғандықтан, мал ұрлығы басқа ұрлыққа қарағанда қауіпті қылмыс болып саналады. Ежелгі қазақ заңдарына сай мал ұрлығы үшін еселенген ауыр айыптар салынатын болған. Бірақ бұл жерде мал ұрлығы мен барымтаның аражігін ажырата білу керек. Барымта – малды иеленіп, сіңіріп кету мақсатынсыз келтірілген зәбір, моральдық зиян не мүлктік шығын үшін екінші жақты жазалап, одан лайықты өтемақы алу мақсатында ашық не жасырын жасалатын малды қуып, айдап кету болып табылады. Кеңес үкіметі тұсында да мал ұрлығымен күрес бәсеңдеген жоқ. Халық шаруашылығы үшін мал ұрлығының орасан зияндылығын тиісті түрде бағалап, ол үшін ауыр жазалар, тіпті ең жоғары жаза – өлім жазасын тағайындауға дейін барған. Бұрын мал ұрлығы бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау туралы заң шеңберінде басқа ұрлық түрлерімен қатар, бірдей қаралып келген. Сондықтан Президентіміз заң шығарушы органға мал ұрлығы үшін жазаны қатайту керек екендігін тапсырған болатын.

Нәтижесінде, 2019 жылғы 27 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнама-

қаралған қылмыстық істерге тоқталып өтейін. Өткен жылы ҚК-нің 188-1-бабы 2-бөлігінің 1) тармағы бойынша 1 іс 2 адамға қатысты қаралып, сотталғандарға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігінің 1), 2) тармақтары бойынша 2 іс 2 адамға қатысты қаралып, сотталғандарға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, 2 адамға қатысты қылмыстық іс прокурорға қайтарылған. ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігінің 2) тармағы бойынша 1 іс 3 адамға қатысты қаралып, сотталғандарға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Ал ағымдағы жылдың 6 айында сот өндірісіне мал ұрлығы бойынша қылмыстық істер келіп түспеген. Демек, мал ұрлығына деген жазаның қатаңдатылуы мал ұрлығының азайуына септігін тигізіп отыр. Жалпы алғанда, мал ұрлығына өте қатаң қарауымыз керек. Себебі, мал біреудің жиып-теріп отырған азығы, қоры, балашағасының несібесі десек болады. Мал егесі оны қанша уақыт бағады, өсіреді немесе тірнектеп жинаған қаражатына сатып алып, болашақта осыны көбейтіп пайда тапсам деген ниетте болады. Ал, ұрылар болса оны бір күнде келіп қолды қылып кетіп жататын болса, әділдік қайда қалды деген сауал осыдан туындайды. Сол себепті мал ұрлығын жасамау керектігі, орын алған жағдайдың өзінде оларға қатаң жаза тағайындалатындығы тұрғындар жадында әрдайым болғаны дұрыс деп есептеймін.

**-Ақылбек мырза, бүгінде адамзаттың жауына айналып бара жатқан бірден-бір құрал ол – көлік. Жасырын емес, талай адам жол-көлік оқиғасынан қаза тауып, өмірден өтіп жатыр. Қаншама отбасы көлік апаты кесірінен асыраушысынан айрылып, қаншама адам зардап шегіп отырғаны рас. Осы жайында не айтар**

бөлігімен 1 іс 1 адамға қатысты қаралып, ҚК-68 бабы 1-бөлігінің талабына сай медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған. ҚК-нің 345-бабы 3-бөлігімен 1 іс 1 адамға қатысты қаралып, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, көлік құралын басқару құқығынан 5 жылға айырылған. ҚК-нің 346-бабы 1-бөлігімен 1 іс 1 адамға қатысты қаралып, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, көлік құралын басқару құқығынан 5 жылға айырылған. ҚК-нің 345-бабы 3-бөлігімен 1 іс 1 адамға қатысты қаралып, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, көлік құралын басқару құқығынан 5 жылға айырылған. ҚК-нің 345-бабы 3-бөлігімен 1 іс 1 адамға қатысты қаралған, аталған қылмыстық іс аудандық прокуратураға кемшілікке жол бергендігі үшін қайтарылған.

Өздеріңіз күнделікті түрлі ақпарат көздерінен оқып, көріп отырғандарыңыздай елімізде көлік құралымен байланысты болатын қылмыстық істер азаймай отыр. Бұл әрине өкінішті жағдай. Менің аудан тұрғындарына айтқым келетіні, әсіресе ата-аналарға, көмелет жасқа толмаған балаларға көлік құралын басқаруға рұқсат бермеңіздер. Бұл әрекеттеріңіздің соңы қайғылы жағдайға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сол себепті, бұндай дүниелерге өте мұқият болғандарыңыз абзал. Жалпы, көлік басқарушы азаматтарымыз жылдамдықты асырмай, белгіленген ережені бұзбай, қауіпсіздік белдіктерін тағып, ережеге сай көлік құралын басқаратын болса, қайғылы жағдайлар саны азаяр еді деп санаймын. Бұл жерде негізінен әрбір көлік басқарушы азамат өзіндік жауапкершілікті аса жоғары деңгейде сезінгені дұрыс деп есептеймін.

Жалпы алғанда, бүгінгі таңда біздің ауданымыздың сот жүйесіндегі атқарылып жатқан жұмыстар легі осындай болып отыр. Әрбір аудан тұрғыны үшін сот мекемесінің есігі әрдайым ашық. Арыз-талап, сыныс-пікір айтамын деген азаматтарға мекеме мамандары кез-келген жұмыс уақытысында заң шеңберінде жауап беруге әзір.

**-Ақылбек Сергейұлы, пайдасы ақпараттармен бөлісіп, сұхбат бергеніңізге рахмет!**

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.**



**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №1**

Жартытөбе ауылдық округі

04.08.2023 ж  
Сағат 10:00

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.  
Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.  
Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №1 атауы жоқ көше тұрғындары.  
Қатысқандардың жалпы саны: 25 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Достық» атауын беру туралы.  
Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №1 көшеге «Достық» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Достық» атауын беру туралы ұсыныс тұрғындардан түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

**ДОСТЫҚ** – адамдардың бір – біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті: «Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады», «Досы жақсының өзінде жақсы», «Дүниеде адамның жалғыз қалғаны – өлгені, қайғының бәрі соның басында». Достыққа қарама-қарсы ұғым – қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көтере алмайды, дос дегеннің не екендігін білмейді. Дұрыс дос таңдай білу – өмірлік мақсаттардың бірі. Саясаттанудағы достық ұғымы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени мүдде тұрғысынан ынтымақтастық орнату шараларын бейнелеу үшін қолданылып жүр.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Достық» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер - 25 адам  
Қарсы болғандар – жоқ  
Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Достық» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №2**

Жартытөбе ауылдық округі

04.08.2023 ж  
Сағат 10:30

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.  
Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №2 атауы жоқ көше тұрғындары.  
Қатысқандардың жалпы саны: 20 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Шиліөзен» атауын беру туралы.  
Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №2 көшеге «Шиліөзен» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Шиліөзен» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

Шиліөзен-Жартытөбе ауылының маңындағы жер атауы. Шиліөзен қанымсай деп қатар айтылады. Шиліөзеннен жоғары орналасқан Қанымсай шатқалында «Қандым» деген өсімдік өседі. Өсімдік тау беткейін өрлеп өседі ұзындығы 5-6 метрге дейін. Күзде қураған кезінде бұталарын жиып алып самаурын қайнатуға пайдаланады. Қанымсайда сонымен қатар боз жусан, киік оты, қылша деп аталатын емдік қасиеті бар шөптер өседі. Шиліөзеннің бойында қалың жалпақ ши өскен біздің бала кезімізде оның ішіндегі ірі қара малдар шиден көрінбейтін еді. 1960 жылы қуаңшылықтың себебінен шиді орғызып жіберді. Қазір қаулап қайта өсіп келеді.

Ел аузындағы өлеңде:

Шилі өзен қамысы – ай  
Бізді ойлай жүр таныс-ай – деп қате берілген дұрысы:

Шиліөзен , қанымсай  
Бізді ойлай жүр танысай

Шиліөзеннің бойында ешқандай қамыс өспейді.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Шиліөзен» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер - 20 адам  
Қарсы болғандар – жоқ  
Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Шилі өзен» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №3**

Жартытөбе ауылдық округі

04.08.2023 ж  
Сағат 11:00

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.  
Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №3 атауы жоқ көше тұрғындары.  
Қатысқандардың жалпы саны: 15 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Болашақ» атауын беру туралы.  
Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №3 көшеге «Болашақ» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Болашақ» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

Болашақ немесе келешек — алдағы уақыт, көп нәрселер болмаған, бірақ болатын қазіргі шақтан кейінгі уақыт кезеңінің бір бөлігі. Болашақ уақытпен қатар мекенмен де сипаттайды.

Болашақ— бүгінгі шындықтың келешектегі қалпы мен жайын білдіру үшін қолданылатын ұғым. Болашақ адамның, қоғамның, жалпы адамзаттың және қыбылыстардың келесі даму сатылары болып табылады. Адамзаттың Болашағы адамдардың нақты тарихи-практикалық қызметімен айқындалады. Нақты өмірдің жетістіктері мен қайшылықтарына талдау жасай отырып болашақты белгілі дәрежеде болжауға болады. Қазір алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында есіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға.Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Болашақ» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер - 15 адам  
Қарсы болғандар – жоқ  
Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Болашақ» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Бабата елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №1**

Жартытөбе ауылдық округі

04.08.2023 ж  
Сағат 12:00

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.  
Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №1 атауы жоқ көше тұрғындары.  
Қатысқандардың жалпы саны: 20 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Жібек жолы» атауын беру туралы.  
Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №1 көшеге «Жібек жолы» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Жібек жолы» атауын беру туралы ұсыныс тұрғындардан түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

«Жібек жолы» – Қытайдың Хуанхе өзенінен басталып, Қиыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы. Бұл жол адамзат өркениеті жасаған тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырда бастаған бұл жол Еуропа мен Азияның, яғни Батыс пен Шығыстың арасын жалғастыратын көпір болған. «Ұлы Жібек жолы» Жерорта теңізінен Қытайға дейінгі Еуразияның көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан торабы. Ол сонау ежелгі дәуірдегі орта ғасырдағы осы аймақтардың сауда және мәдени байланыстарының тұсауын кескен аса маңызды қатынас жолы. Жалпы адамзат тарихы бойынша Шығыс пен Батыс халықтарының арасында қалыптасқан бейбіт қарым-қатынас сырын жан-жақты зерттеп білу қазіргі таңдағы мәдениетті өркендетуде маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда Жібек жолын көктей өтетін елдердің ғылыми және мәдени топтарының арасында мәлімеге келу байланыстарын орнатуға әсер ететін өзекті мәселе.

«Ұлы Жібек жолының» пайда болу тарихы осынау тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек Жолы» атанған.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Жібек жолы» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер - 20 адам  
Қарсы болғандар – жоқ  
Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Жібек жолы» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

(Жалғасы 5 бетте)

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Бабата елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атауберу туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №2**

**Жартытөбе ауылдық округі**

**04.08.2023 ж  
Сағат 12:00**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №2 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны:15 адам

#### Күн тәртібінде

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Баладж» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №2 көшеге «Баладж» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Баладж» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

#### Өзара пікір алмасу мазмұны

Баладж қаласы Испиджаб алқабындағы 10 ғасырдағы географ әл-Мақдисидің қалалар тізімінде көрсетілген. Зерттеушілер Баладж қаласын Баба-Ата қалашығына сәйкес келеді деп санайды. Қалашық өзімен аттас өзен бойының орта ағысында, Оңтүстік Қазақстанның Баба-Ата ауылының шетінде орналасқан. Ол туралы аңызда бар. Бір кездері бұл бекініс осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын кесене салған Ысқақ-Бабаның тұрағы болған екен. Расымен-ақ, қалашыққа таяу жерде 15-16 ғасырларға жататын белгісіз кесененің қирандылары табылды. Жахба деректерде Баладж жайлы мағлұмат тіпті аз Оған себеп ежелгі қаланың үлкен сауда жолынан тысқары орналасқандығы болса керек. Сауда жолы Талас жазығы, Қаратаудың солтүстік бөктерлері және Саудақент, Құмкент, Созақ қалалары арқылы өтіп, Дешті Қыпшаққа бағыт алады. Қалашықтың көлемі 43 гектарға жуық. Бұл жерде жеті жыл бойы жүргізілген жоспарлы қазба жұмыстары 1953 жылы басталған. Баба-атаның ең көне бөлігі ішкі қамал. Әлі қала орнықпаған 6-8 ғасырларда, осы араға екі қабатты сарай салыныпты. Ол жикі кірпіштен қаланған көлемі 240 шаршы метір ғимарат еді. Ғимараттың дәл орталығында 8 бұрышты зал болған. Ортасында іші тастан қаланған құдық болған. Зал адам тұруға арналмаған, ол жерде отқа табыныушылықпен байланысты діни-салт жоралғы жасалған. Оны таза күлі ғана қалған ошаққа қарап білуге болады. Кіріп жалғыз есік тек осы залға алып келеді. Екі қабатты ғимараттың барлық тұрғын бөлмелері жоғарыда орналасқан. Екінші қабатқа орталық залды үш жақтан қоршап тұрған бұрамалы баспалдақпен көтерілуге болады. Осы баспалдақтар арқылы шатырға да шыққан. Жоғарыда орналасқан алты бөлме ғимараттың төбесін жауып тұрған күмбездердегі арнайы жасалған ойықтар арқылы жарықтандырылатын. Ал баспалдақтарға қабырғада қалдырылған тесіктер арқылы түскен. Әйнегі жоқ осындай ойықтар сыр жағынан тар болып көрінгенмен, ішке қарай көңейе түскен. Бұл бөлмелерге қарай бағытталған сәуленің көбірек жарық беруіне ықпал етеді. Бұл ғимарат 8 ғасырда құлап бастады. Біраз уақыт ол жерде ешкім тұрмағандықтан, жел бөлмелерге құммен сары топырақ толтырып, жарық беретін ойықтарды бітеп тастаған. Нәтежесінде біртіндеп күмбездер опырыла бастады. Осыдан соң бұл ғимарат жана құрылыс үшін пайдаланылған еді. Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Баладж» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -15 адам

Қарсы болғандар – жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

#### Қабылданған шешім

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Баладж» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Бабата елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атауберу туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №3**

**Жартытөбе ауылдық округі**

**04.08.2023 ж  
Сағат 12:30**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №3 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны:20 адам

#### Күн тәртібінде

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Ынтымақ» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №3 көшеге «Ынтымақ» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Ынтымақ» атауын беру тұрғындардан түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

#### Өзара пікір алмасу мазмұны

Ынтымақ- Қазақ халқыөжелден татулық пен бірлікті жақсы көрген халық. Ру мен рудың, ағайын мен туыстың, көрші - қолаң мен жақын-жаранның бір-бірімен тату, сыйлы, бауырмал болғанын қалаған. Сондықтан рудың, елдің үлкендермен сыйлы, құрметті адамдары жан -жағына, айналасына ақылы мен көнесін айтып, ұрпақтарына өсіет қалдырып, елдің тыныштығымен бейбітшілігін сақтауға тырысқан. Соның арқасында осынау Атыраудан Алтайға дейінгі даланы аман алып қалды десе болады. Қазақ ынтымақ пен бірлікті сүйген халық болғандықтан, қазақ тілінде де татулықты білдіретін, сонымен мәндес сөздер өте көп. Мәселен, бейбітшілік, келісім, келіссөз, тұрақтылық, мәміле, ымыра, мәмілегерлік, бауырмалдық, уағда, уағдаластық, бітім, бітімгершілік, тұтастық, бірлік, ырыс, ынтымақ, ынтымақтастық, береке бірлік, сыйластық, тыныштық, тұсықандық, тепе -теңдік, достық, достастық, ауызбіршілік, үйлесімділік, бүтіндік, бүтіншілік, жарастық, бәтуе, мақұлдық, бітісу, ұйымшылдық, тілектестік, тағы басқа атаулар көп.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Ынтымақ» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -20 адам

Қарсы болғандар – жоқ  
Қалыс қалғандар - жоқ

#### Қабылданған шешім

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Ынтымақ» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Бабата елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атауберу туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №4**

**Жартытөбе ауылдық округі**

**04.08.2023 ж  
Сағат 12:30**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №4 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны:15 адам

#### Күн тәртібінде

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №4 көшеге «Бірлік» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №4 көшеге «Бірлік» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Бірлік» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

#### Өзара пікір алмасу мазмұны

Бірлік пен береке біздің басты құндылығымыз. Бұл біз үшін алтыннан да қымбат қазына. Ел іргесі бүтін, шаңырағы биік, көрегесі кең болуы еліміздегі татулық пен достықтың шынайы көрінісі екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Осы татулық пен тұрақтылық мәңгі салтанат құрсын десек, бәріміз бір атаның баласындай тату-тәтті өмір сүруіміз керек. Ол үшін бәріміз қасиетті қазақ жерінсыйлап, қазақ халқына алғаш айтудан шаршамауымыз керек. Өткенсіз бүгін жоқ. Ал бүгін- біздің болашағымыз. Осы бір ауыз сөз біздің басты ұстанымымыз. Себебі біз, қасиетті қазақ жерін мекен еткен өзге ұлт өкілдері, әрқашан да қазақтың қамқорлығында. Алматы обылысының Еңбекші қазақ ауданы 25 ауылдық округтен, 79 елді мекен және 300 мың тұрғыны бар Есік қаласында тұрады. Бұл өңірде өзге этнос өкілдері көп шоғырланған. Алайда бәрінің мақсаты- татулықты көздейді. Олар бір-бірінің тіліне, салт- дәстүрімен әдет-ғұрпына, мәдениетімен әдебиеті асқан сыйластық танытады.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №4 көшеге «Бірлік» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -15 адам

Қарсы болғандар – жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

#### Қабылданған шешім

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №4 көшеге «Бірлік» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атауберу туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №1**

**Жартытөбе ауылдық округі**

**04.08.2023 ж  
Сағат 15:00**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №1 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны:20 адам

#### Күн тәртібінде

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Бейбітшілік» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №1 көшеге «Бейбітшілік» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Бейбітшілік» атауын беру туралы ұсыныс тұрғындардан түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

#### Өзара пікір алмасу мазмұны

БЕЙБІТШІЛІК- адамдар мен мемлекеттер арасындағы достық қарым - қатынас, соғысушы мемлекеттер арасындағы Қарулы қақтығыстың тоқтатылуы.

Бейбітшілік - тыныштық, қауіпсіздік қорқынышсыз өмір. Мұхаммед Хайдар Дулатидің: «Сен әлемді жаулап алма», өйткені онда сансыз қайғы -қасірет бар. Сен одан да адамның жан дүниесін меңгер. Ол жерде қаншама әлем бар екенін көресің деген сөзі бар. Бейбітшілік -адамның ең ұлы, ең асыл құндылығы екені сөзсіз. Күллі әлемдегі тыныштықтың, бейбітшіліктің ең басты кілті - сарымайдан қыл суырғандай саяси дипломатия, адами қарым -қатынас, мемлекетаралық сыйластық. Бір мемлекеттің басқа мемлекеттің территориялық тұтастығын, ішкі саясатын құрметтеуі.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Бейбітшілік» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -20 адам

Қарсы болғандар – жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

#### Қабылданған шешім

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №1 көшеге «Бейбітшілік» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

Жиналыс төрағасы:  
Жиналыс хатшысы:

Д.Жүсіпов  
А.Сайлауова

(Жалғасы 6 бетте)



(Соңы. Басы 4,5 беттерде)

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №2****Жартытөбе ауылдық округі****04.08.2023 ж  
Сағат 15:00**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №2 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны: 20 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Бәйтерек» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №2 көшеге «Бәйтерек» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Бәйтерек» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

Ата-бабаларымыз жапан далада жалғыз өскен ағашты киелі ағаш немесе әулие ағаш деп санаған. Оны кесуге, қандай да бір зақым келтіруге тыйым салған. Саясында ұзақ отырып демалып, ұйықтауға да болмайтынын ескерткен. Жалғыз өскен ағаштың жанында ұзақ болсаң, сол ағаштай сопылып жалғыз қаласың деп жалғыздықтың нышанына балаған. Ал құла түздегі жайқалып өскен жалғыз ағаш пен шөлді мекендегі тырбылып өскен бұталарды қасиетті санап, жанында түнеп, шүберек байлайтын болған. Кейбіреулер ол маңда әулие жатыр деп ырымдап, мал сойып, тілеу тілеген. Бәйтеректің негізгі ұстыны Бейбітшілік дарағы болып есептеледі. Ежелгі түпкі ұғымында «бәйтерек» деген сөздің өзі «өмір ағашы» деген мағынаны білдіреді. Міне, осы жапырақ жайған алып ағашқа ертедегі ертегілерде кездесетін қасиетті құс – Самұрық айқара жазылған кең қанаттарымен айналасын тұтас жауып ұшып келеді. Ол өмірдің өзегін өркендетіп, үміттің үзін үмілейтін алып алтын жұмыртқа – Күнді салу үшін Өмір ағашы – Бәйтерекке ұмтыла түскен. Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Бәйтерек» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -20 адам

Қарсы болғандар – жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №2 көшеге «Бәйтерек» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

**Жиналыс төрағасы:**

**Д.Жүсіпов**

**Жиналыс хатшысы:**

**А.Сайлауова**

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №3****Жартытөбе ауылдық округі****04.08.2023 ж  
Сағат 16:00**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №3 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны: 15 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Тәуелсіздік» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №3 көшеге «Тәуелсіздік» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Тәуелсіздік» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

Тәуелсіздік – мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі. Тәуелсіздіктің нышандары ретінде мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындаған аумағының болуы; сол аумақты басқаратын мемлекеттік биліктің болуы; елдікті нақыштаған әнұран, тудың және елтаңбаның болуын атауға болады. Әлемдегі 2500-ден аса халықтың 220 -ға жуығының ғана тәуелсіздігі бар. Жаһандану заманында тәуелсіздікті ұстап тұру қиындай түсуде. Тіпті кей елдер саяси, экономикалық, әскери, ашық, жасырын тәуелділікке ұрынуда. XX ғасырдың басына дейін империялар өзге елдерді ашық әскери қимылдар арқылы тәуелділікке түсіру саясатын ұстап келді. Саяси тәуелсіздікті экономикалық тәуелсіздікпен ұштастырмайынша толыққанды тәуелсіздікке жол жоқ.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Тәуелсіздік» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -15 адам

Қарсы болғандар – жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №3 көшеге «Тәуелсіздік» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

**Жиналыс төрағасы:**

**Д.Жүсіпов**

**Жиналыс хатшысы:**

**А.Сайлауова**

**Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Аққолтық елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге атау беру туралы жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ №4****Жартытөбе ауылдық округі****04.08.2023 ж  
Сағат 16:30**

Жиналыс төрағасы: Д.Жүсіпов – Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы.

Жиналыс хатшысы: А.Сайлауова - Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық мүшелері, Жартытөбе ауылдық округінің №4 атауы жоқ көше тұрғындары.

Қатысқандардың жалпы саны: 20 адам

**Күн тәртібінде**

Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №4 көшеге «Өркениет» атауын беру туралы.

Жиналыс төрағасы, Жартытөбе ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы Д.Жүсіпов:

Құрметті жиналысқа қатысушы тұрғындар! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округіндегі атау жоқ №4 көшеге «Өркениет» атауын беру мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Көшелерге берілетін тарихи тұлғалардың және дәстүрлі атаулар өз қолдарыңызға берілген. Аталған көшеге «Өркениет» атауын беру бойынша тұрғындардан ұсыныс түсіп отыр. Осыған орай өздеріңіздің ой пікірлеріңізді айтсаңыздар.

**Өзара пікір алмасу мазмұны**

«Өркениет» ұғымы латынның цивилис (азаматтық, мемлекет) сөзінен шыққан. Оның бірнеше мағынасы бар: жалпы философиялық, тарихи-философиялық және әлеуметтік. Ғылыми ортада «мәдениет» және «өркениет» сөздері нені білдіретіні туралы келіспеушіліктер әлі де бар. Кейбір ғалымдар өркениет мәдениеттің синонимі деп тәжірымдайды, ал басқалары бұл термин қоғам дамуының жиынтық өнімін, тарихи процестің белгілі бір кезеңін жасырады деп ойлауға бейім. Мәдениет пен өркениет - бұл өте жақын ұғымдар. Кейде бұл терминдер синоним ретінде қолданылады. Бұл арада бұл ұғымдардың мәні әртүрлі, өркениет пен мәдениеттің арақатынасы проблемасы әртүрлі философиялық жүйелерде маңызды орын алады. Бұл мәдениеттің қоғамдағы негізгі қызметтерінің бірі. Адамдардың қарым-қатынасы, мәдениеттер сұхбаттасуы-әлеуметтік шындықтың басым көрінісі. Адамгерекше бір өрісте – қарым-қатынас өрісінде болады. Мәдениет игіліктерін жас нәресте анасының ақ сүтін еміп, оның әлди жырымен сезім дариясына шомылып қана адамдық қасиеттерді бойына сіңіре бастайды.

Көшеміз осы атаумен аталса қарсы болмаймыз. Көшеміздің басқа да тұрғындары бірауыздан қолдайды деген ойдамыз.

Қоғамдастық жиналысында айтылған ұсыныс пікірлер ескеріле отырып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №4 көшеге «Өркениет» атауын беру мәселесін дауысқа салып шешім қабылдау сұралды.

Қолдап дауыс бергендер -20 адам

Қарсы болғандар – жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

**Қабылданған шешім**

Жиналыс қорытындысымен жергілікті қоғамдастық мүшелері өзара ақылдасып, Жартытөбе ауылдық округіндегі атауы жоқ №4 көшеге «Өркениет» атауын беру мәселесін бір ауыздан мақұлдауды шешті.

**Жиналыс төрағасы:**

**Д.Жүсіпов**

**Жиналыс хатшысы:**

**А.Сайлауова**

## Жемқорлықпен күрес өзекті мәселе

Жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі. Кез-келген еркеніетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басым-

дықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әре-

кеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

**Б.Б.ЖУПАРБАЙ,**  
**Созақ аудандық соты**  
**әкімшісінің аға сот**  
**приставы.**

## Жеке қаулыға мән берген дұрыс

Жеке қаулы — мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдар мен олардың басшыларының назарын белгілі бір істі қарау кезінде анықталған заңның бұзылуына қатысты жауапқа себепші болған жағдайларға аудару үшін соттың шығарған қаулысы. Жеке қаулыны сот оған жеткілікті негіз болған кезде кеңесу бөлмесінде қабылдайды. Сот жеке қаулыны алдын ала тереу жүргізу кезінде немесе істі

төменгі сот қараған кезде жіберілген, азаматтардың құқықтарының және заңның басқа да талаптарының бұзылуы байқалған кезде шығаруы мүмкін. Кейбір ұйымдар мен еңбек ұжымдарындағы жекелеген азаматтардың өндірістігі немесе тұрмыстағы теріс мінез-құлқына, қызметтік, азаматтық борышын бұзып жүргендігіне де сот жеке қаулы арқылы назар аударуға болады. Сондай-ақ, қылмыстың жолын кесуге немесе қылмысты ашуға жәрдемдескен

азаматтың азаматтық борышын өтеу кезінде көрсеткен жоғары саналылығы мен ерлігі туралы еңбек ұжымдары мен ұйымдарға ол туралы жеткізу керек болғанда сот жеке қаулы алады. Жеке қаулы бойынша бір ай мерзімнен кешіктірмей қажетті шаралар қабылдануы және оның нәтижелері туралы сот орнына хабарлануы тиіс.

**Қ.ҚОБЕТАЕВА,**  
**Созақ аудандық соты**  
**әкімшісінің бас маманы.**

## Жеке деректердің жоғары деңгейде қорғалуы — БЖЗҚ салымшыларының сенім діңгегі

БЖЗҚ зейнетақы жинақтарының қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударып, деректер қауіпсіздігінің жоғары стандарттарын ұстанады.

2022-2023 жылдардағы киберқауіпсіздікті күшейту шеңберінде ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар ақпараттық жүйелер енгізілді. Бұл инновациялар кибершабуылдарға тойтарыс бере алатын және веб-серверлерді, байланыс арналарын және ақпараттық ресурстарды DDoS шабуылдарынан қорғау жүйесінен, жұмыс станциялары мен құрылғылардағы зиянды әрекеттерді анықтау және зерттеу жүйесінен және қауіптерді анықтау және талдау үшін ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесінен тұрады. Сондай-ақ, Қордың ақпараттық жүйелері мен сервистерін қорғаудың тиімділігін едәуір арттыратын екі факторлы түпнұсқаландыру жүйесі енгізілді.

БЖЗҚ нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін, салымшыларға олардың құпия деректерінің толық қорғалуына кепілдік беретін және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормативтік талаптарды қатаң сақтайтын халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің халықаралық аудитінен жүйелі түрде өтіп отырады.

Қор жаңа бағдарламалық өнімдер мен қызметтерді белсенді түрде енгізіп, бизнес-процестерін ақпараттандырып, деректерді қорғау құралдарын үнемі жетілдіріп отырады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді тәсілі заманауи технологияларды қолдану, Қор қызметкерлерінен Ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтауды талап ету, ақпараттық ағындарға тұрақты түрде мониторинг жасау және вирусқа қарсы қорғау құралдарын пайдалану, пошта және желіге қол-

жетімділікті сүзгіден өткізу, сондай-ақ, көп факторлы авторландыру қамтиды.

БЖЗҚ қол жеткізілген жетістіктермен тоқтамайды. Ол ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өз мүмкіндіктерін белсенді дамытуға ниетті. Жоспарларға ақпараттық қауіпсіздікті басқару жөніндегі өзінің операциялық орталығын (SOC) құру кіреді. Бұл одан әрі нақты уақыт режимінде орталықтандырылған бақылауға, талдауға және оқиғаларға жедел жауап беру мүмкіндік береді.

Қор салымшылардың мүдделерін тиімді қорғау бағытында «БЖЗҚ»АҚ ақпараттық жүйелері мен сервистерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кибер қауіпсіздік саласындағы соңғы үрдістер мен жаңалықтарды бақылауын жалғастыруда.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

### Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022-2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың тамыз айының 28-жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ**

### Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

**Созақ аудандық СЭББ**

## Зейнетақы жарналарының міндетті сипаты

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) - бұл агент (жұмыс беруші) БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына төлейтін ақшалай мәндегі еңбекақы мен өзге де кірістердің барлық түрлерінің 10% бөлігі. Бұл ереже еңбек шарты бойынша, заңды тұлға мен жасалған азаматтық құқықтық сипаттағы шарт бойынша да қызметкерлерге қолданылады.

2023 жылғы 1 шілдеге дейін азаматтардың мынадай санаттары БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге құқылы, бірақ міндетті емес болды:

- салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді

көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар;

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап жоғарыда аталған барлық тұлғалар БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге міндетті болады. МЗЖ төлеу екінші деңгейдегі банктер

арқылы қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз тәсілмен Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. Ол өз кезегінде оны пайдасына осы жарналар аударылатын жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес БЖЗҚ-ға аударылады.

Бұл шара халықты болашақта лайықты төлемдермен қамтамасыз етуді көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту аясын ұлғайтуға ықпал етеді.

Зейнетақы жарналарын төлеуге кімдердің міндетті немесе құқылы екендігі туралы Қордың сайтындағы «Салымшыларға» бөлімінен оқыңыз.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Будёновское» БК» ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес тақырып бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

Жобаның атауы: «Буденовское» кен орнының 6-7 учаскесінде өнімділігі жылына 6000 тонна табиғи уранды қайта өңдеу кешені «жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп. Қоғамдық тыңдаулар 29.09.2023 сағат 12:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бақырлы ауылы, ауылдық клуб мекен жайы бойынша өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz>, сондай-ақ «Түркістан облысы ПП және ПП» ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады [ecportal.kz](https://ecportal.kz), сондай-ақ e-mail арқылы [info@spb.kazatomprom.kz](mailto:info@spb.kazatomprom.kz). Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +7 (727) 343-67-00 (ішкі. 20 746), +7 (775) 677 62 35.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «Будёновское», в соответствии с требованиями Экологического Кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по теме:

Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях на Рабочий проект «Перерабатывающий комплекс производительностью 6000 тонн в год природного урана на участке 6-7 месторождения «Буденовское». Общественные слушания состоятся 29.09.2023 в 12:00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, село Бакырлы, сельский клуб.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале [h](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents), а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [ecportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents), а также по e-mail.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам +7 (727) 343-67-00 (вн. 20 746), +7 (775) 677 62 35

## Дала өртінің алдын алған абзал

Биылғы жылы ыстықтың мол шарпуына байланысты шөл қалың қаулап өсуде. Күн ыстығы өрттің шығуына мол мүмкіндік бар. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғанды абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді.

Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек.

«Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Демек, сақтық шараларына мән беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен сақтай білуіміз қажет.

**Бурабай ТӨРЕБАЕВ,**  
**Созақ орман шаруашылығы мекемесінің орманшысы.**

## Сақтық шараларын ескерген жөн

Бүгінгі таңда дала орман өрттері өршіп тұр. Біз қай кезде де өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға қарыздармыз. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздеме жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт туғыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиана-

тымыз. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызымыз орындалғаны болар еді. Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

**Қанатжан ШӘРІПХАНОВ,**  
**Созақ орман шаруашылығы мекемесінің қорықшы-күзетшісі.**



# Бапа жанының бағбаны

Ауданымыздағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін Рысты апайды сырттай жақсы білетінмін. Сыпайы, сөйлеген сөзі жанға жағымды, мейірімді, әңгімелессеңіз бар ықыласымен шүйірелесетін апаймен жақынырақ танысудың аудандық ардагерлер үйінде сәті түсті.

Рысты Тәбетқызы 1952 жылдың 7 ақпанында қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында өмір есігін ашқан екен. Балалық бал дәуренді ауылда өткізеді. Мектеп табалдырығын аттап, шәкірт атанады. Орта мектепті осында бітірген.

1970 жылы мектепті тәмамдаған соң маман жетіспеушілігіне байланысты, оның үстіне ерекше қабілеті болғаннан кейін алғашқы ұстаздық жолын 1971 жылы тамыз айында аудан орталығындағы сегіз жылдық орыс-қазақ мектебінде неміс тілі пәнінің мұғалімі болып бастайды. Сол жылдары Кентау қаласындағы бір жылдық педагогикалық класты неміс тілі пәні бойынша бітірді. Рысты Тәбетқызы аудан орталығында қай мектепке шет тілі мұғалімі керек, сонда ауысып отырады.

1971-1975 жылдары Ә.Молдағұлова мектебінде ұстаздық еткен ол білімін жетілдіру мақсатында Алма-

ты қаласындағы шет тілдері институтына оқуға түсіп, неміс тілі факультетін бітіріп шықты.

Мектепте сабақ бере жүріп, Рысты Тәбетқызы қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Шәкірттерге білім беруде жанның сала еңбек етті. Кей күндері күні-түні сабаққа дайындалып, ұйқы көрмейтін. Сыныптағы оқушылар тәжірибелі ұстазды өте мұқият тыңдап, пікір алысып, өз аналарындай жақсы көрді.

А. Сүлейменов орта мектебінде, №14 Т. Әлімқұлов атындағы лицейде мұғалім болды. Кейін Н. Крупская атындағы сегіз жылдық мектепте директордың орынбасары қызметтерін атқарды. Ұстаздың қызметпен қоса өнерді де бірге алып жүрді. Өнерпаз әжелер тобын басқарды. Шолаққорған ауылы әжелер алқасының төрайымы.

Жеткен жетістіктері мен еңбегі үшін «Жыл сынып жетекшісі» байқауының III орын жүлдегері. Сондай-ақ, облыстық пән олимпиадасында «Әдіскер мұғалім» атанған. Аудандық ардагер-



Райымқұлова Рысты Тәбетқызы  
Шолаққорған ауылы әжелер алқасының төрайымы

лер Кеңесінің, облыстық ардагерлер Кеңесінің Алғыс Хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық ардагерлер Кеңесінің білім саласына сіңірген еңбегі үшін «Ұлағат» төс белгісін кеудесіне қадады. «Қараша ана» төс белгісінің иегері, «Мерейлі отбасы» байқауының лауре-

аты.

Қандай істі атқарса да, Рысты апай оны жауапкершілікпен орындайды.

Өмірлік қосағы Жамалов Камалдин су шаруашылығының маманы.

Жарасымды отбасында 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсіріп отыр. Перзенттерінің бәрі жоғары білімді маман. Ұлды ұяға, қыздарын қияға қондырды. 16 немеренің әжесі. Немерелерінің алды үйленіп, тұрмыс құрып жатыр. Ұлы Бауыржан мен кіші қызы Айман жеке кәсіпкер. Үлкен қызы Айзада мен кіші қызы Айман педагог, Бауыржан компьютер саласының маманы. Айжан салық қызметкері.

Отбасында алған өнегелі тәрбиенің арқасында перзенттерінің бәрі көркем мінезді, ибалы болып өсті. Бір-бір шаңырақтың шырайын кіргізіп, бақытты ғұмыр кешіп келеді.

Жамалов Камалдин көкеміз екеуінің отандасқандарына елу жылдың бедері болыпты. Зырлаған уақыт. Рысты апайды жүзіне қарап, әлі сол қырықтағы келіншектің жасын бергің келеді.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», - деп Абай хакім айтқандай, Рысты Тәбетқызы мұғалімдік қызметінде қаншама шәкірт тәрбиелеп, қанаттандырды. Қазір олар әр салада қызметтерін атқарып жүр. Ауылға ат басын бұрса, Рысты апайға келіп сәлем береді. Сонау балалық шақтарын сағынышпен еске алады. Жүректері толқиды. Ұстаздарына алғыстарын жаудырады. Тынымсыз еткен еңбектің жемісі шәкірттеріміздің жетістігі деп пайымдайды. Маңайындағыларға шуағын төгіп тұратын, жүрегі мейірімге толы Рысты Райымқұлова ауданның әлеуметтік, экономикалық дамуына мол үлес қосып келеді.

Қазіргі таңда әжелер тобының белді мүшесі. Өмірін әнмен өрнектеп келе жатқан Ана.

Сөз соңында апайымызға Алтын тойларыңыз құтты болсын! Деніңіз сау болып, отбасыңызбен ұзақ жасаңыз дейміз.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**

## Ританың тәтті жемістері тіл үйіреді

Аудан орталығындағы көкөніс базары қай кезде барсаңыз да келушілерге толы. Жағалай қойылған сөрелерге қажетті алма, жүзім, өрік, қауын, қарбыз, асқабақ, сәбіз, картошкалар молынан қойылған. Мұндағы сатушы қыздар тұтынушыларға әбжіл қызмет жасап жатыр. Тіпті қимылдарына көз ілеспейді. Жаздың жайма-шуақ күнінде сауда қыза түсуде.

Жақынырақ барып бір сауда қатарының тұсында тұрған қызды әңгімеге тараттым.

Бұл- Рита Түсіпбекова екен.

-Көке, қалаған жемісіңізді алыңыз,-деп жымып тұр. Жүзі жылы, келушілерді елпілдеп қарсы алуға. Әкелген өнімдері түнде ғана алып келгенін айтып қояды. Үп-үлкен қарбыз, иісі бұрқыраған қауын көздің жауын алады. Бір сәреде алма, өрік, қара өрік, шие, шабдалы, қызанақ, қияр, сәбіз, картоп рет-ретімен қойылыпты.

Жаздың соңғы айы болса да қарбыз, жүзім, қауын мол түсіпті. Ел тәтті өнімді жапатармағай алып жатыр. Әсіресе Рита сауда жасап жатқан тұста адам қарасы көп көрінді.

Шолаққорған ауылының тұрғыны Маржан



Нарқозықызы айтады:

-Мен Ритаға келіп, үнемі жеміс-жидек, қауын, қарбыз алып тұрамын. Сіңілімнің жүзінен үнемі нұр төгіліп тұрады. Келушілерге өте жақсы қызмет көрсетеді. Қабағын шытқан күні жоқ. Үйге қонақ келіп қалса, осы

Ритадан келіп көкөніс аламын. Барлық кезде олар уақтылы әкелінеді. Ешқандай бұзылмайды. Көп сақтауға да жарайды. Кей кісілерге Рита қарызға да беріп, әжетін шығарады.

Ол сосын шаршау дегенді білмейді. Қашан барсам да күліп қарсы алады.

Үнемі саудасы қызып жатады. Кісілермен сөйлесуге қолы тие бермейді. Тек көпшілікке қызмет көрсетумен уақыты өтеді. Талай адамның алғыс айтып жатқан сәтіне куә болдым. Менің де Ритаға айтар алғысым көп. Керекті көкөніске үнемі тапсырыс беремін. Оны Рита Сейдүәліқызы дер кезінде жеткізіп береді.

Ұлым үйленгенде барлық көкөніс пен жемісті Ритаға алдырдым. Өте қарапайым, ізетті, кішіпейіл жан. Оған көптен көп рахмет,-деді.

Мұндай ақжарма тілекті талай адамнан естідім. Ылғи да көпшіліктің алғысын ал, жұмысың, саудаң жүре берсін,-Рита.

**Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

2023 жылдың 10 тамызы күні ҚР оқу-ағарту министрлігі «Республикалық қосымша білім беру» оқу әдістемелік орталығы «Жаз қызығы- көңілді демалыс» жазғы демалыс уақытындағы іс-шараларына сәйкес,

Оқушылар ақын өлеңдерін оқыды. Әндерін бәрі қосылып шырқап, биікке әуелетті.

Еркін форматта өткен сабақ оқушыларға ерекше әсер берді. Танымдықтағылымдық мәні бар шара

## Жаз қызығы- көңілді демалыс

«Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Созақ аудандық бөлімінде «Абайды оқы, таңырқа» А.Құнанбаевтың туған күніне орай А.Озғанбаев сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Абай Құнанбайұлының ақын, ағартушы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы тұлға екенін түсіндіру, Абай халықтың таным көкжиегін кеңейтуге ықпал ету үшін шығыс пен батыс мәдениетін жан-жақты зерттеп, оладың үздік үлгілерін таныстыра отырып, туған күніне арналған іс-шараға үлес қосу болды. Арнайы өткізілген сабаққа аудан орталығындағы мектептердің оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында Айдос Озғанбаев келіп қатысқан оқушыларға ұлы ақын жайлы толық мәлімет берді.

жас шәкірттерді поэзияны жақсы көруге шақырды. Мұндай шаралар аталған мекеме тарапынан жаз бойына өткізіліп келеді.

Жазғы демалыстарын қызықты өткізіп жатқан оқушылар Абайдың туған күніне арналған сабаққа ұйымшылдықпен қатысып, өздерінің жүрек жарды арнау өлеңдерін де оқыды.

Балалардың көңіліне ерекше шуақ сыйлаған шара өтілуі жеткіншектерді қанаттандырып, жігерлеріне жігер қосты. Әдебиет әлеміне жетелеп, мерейлерін өсірді. Барлық эстетикалық талғам әдебиетте екендігін сезіндірді.

Жазғы демалыста рухани азық алған шәкірттер сабақтан көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Директордың міндетін уақытша атқарушы: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**

**Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Жауапты хатшының уақытша міндетін атқарушы: Нұрсұлтан Канатұлы Редакция құрамы:**

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағиға АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3600 дана

Кезекші редактор:

**Н.Шертаев**